Узнав о бессмертном подвиге героя-земляка, труженика колхоза «Ковыли агаш» Семнозерского района Кустанайской области решили упрочить усилия в труде, работать не покладая рук во имя победы над врагом, за которую отдал свою жизнь их земляк. Они собрали 100 тыс. рублей на строительство танка им. Героя Советского Союза Султана Баймагамбетова.

Продолжение следует

ҚАҢАРМАН ҚЫЗ ҚАЛАМҚАС

(Ақтау қаласында ақбоз атқа мінген батыр ару ескерткіші асқақтап тұрса ғой...)

Қаламқас - «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының жалпы мұнайының 70 пайызын өндіретін ірі мұнай мен газ кенорны. 1979 жылдың 2 наурызында «Комсомолскнефть» мұнай-газ өндіру басқармасы болып құрылған. Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында-ақ төл атауы қайтарылған. Ал әрірек үйілсек, Қаламқас - тарихы тереңге кететін Бозашы түбегіндегі әрі сол өңірдің, әрі ежелгі қорымның атауы.

«Топонимика - жер тілі, ал жер - кітап, сол кітапта адамзат тарихы географиялық атауларда сақталынып, жазылып қалған» - деп К.Паустовский айтқандай, халқымыздың ата коньстарын, өмір сүру дәстүрлерін айна-қатесіз дәлелдейтін жер-су атаулары өлкемізде жеткілікті-ақ. Соның бір дәлелі - осы Қаламқас арудың есімінің тарихтың небір қатпар-қатпар парактарының астында ұмытылып қалмай, бізге жетіп және бізбен бірге халқына қалтқысыз қызмет етіп келе жатқаны.

Осындайда «Қаламқас кім?» деген заңды сұрақ туады. Ақсақалдарымыз - көне көз қариялар білгенімен, жартастарымыз біле бермеуі мүмкін. Маңғыстау түбегіндегі ежелгі қорымның атын иеленіп, мұнда жатқан небір ауызымен күс тістеген байбыл да, бағыланың да, батырдың да бәрінен жас орым Қаламқас арудың есімінің озып тұрғанын неліктеу? Өйткені, ол жауершілік қамында ат үстінде түспеген, белінен бес зарын тастамай, ел қорғаны - ер азаматтарымен бірге талай қанды жорықтарға қатыса отырып, Отанның жаткерлік басқыншылардан қорғаған батыр қыздарымыздың бірі. Ал бейбіт күнде ауыл-аймақты азық-түлікпен қамтамасыз етуге белсене араласқан, ашы-мерген атанған ержүрек ару...

Әріге көз жіберсек, Қаламқас - Маңғыстауда алғашқы көшті бастап келген Шотан, Атағазы, Қожамбет, Есекмерген, Лабақ, Есболай, Ақандармен бірге келген

ұрпақтың өкілі. Бозашы түбегін алғаш жайлағандар Алай тайпасының Жары, Жеменей, Түрікпендай (оның Тіней-Тәңірбергені), Беріштің Қаратоқай рулары болса, Қаламқас ару Жары Бектеміс ахунының қызы деген дәлелден қалған дерек бар. Атадан балаға мирас болып жалғасқан бұл дерекке ешкімнің де қосып-алары, дауы жоқ екені күмәнсіз.

Елімізде айрықша күтімге алынған мәдени-тарихи ескерткіштер қатарына жататын, әрі құтты қойнауы «қара аттың» қазынасына толы бұл өңірдегі «Қаламқас әулие» қорымын «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өкілшілігі кезінде өз қамқорлығына алған. Соның нәтижесінде ахталық қалыңақта Қаламқас арудың бес қаруы бойында, ақбоз атпен шауып келе жатқан бейнесі тасқа бедерленіп қашалған ескерткіш және Қаламқастың өзі тыныстап жатқан қорымда алып ақ кесене бой көтерген-ді. Ата-бабаны, данқты аруларды ардақтаудағы мұндай баға жетпес құнды мұраны дүниеге келтіруге «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның сол кездегі Бас директоры Ұзақбай Қарабалын, техникалық директоры Мұрат Құрбанов, кәсіподақ комитетінің төрағасы, Қаламқас аянағы өз ру-тармағынан шыққан Санатбай Масатов, «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасының бастығы Өрен Сағандықов ықыластана кіріскен. Мұнайшылардың тынымсыз төккен ерен еңбегінің нәтижесінде, 2009 жылдың 13 қарашасында осы

екі ескерткіштің де ашылу салтанаты болып, Қаламқас ару аруағына ас беріліп, Құран бағышталған болатын.

Қаламқас кенорнының ашылу тарихы да ерекше. Мұнда барлау жұмыстары қысқа мерзім ішінде жүрді. Яғни алаңдағы геологиялық құрылымдарды анықтауға бағытталған қазба жұмыстары 1975 жылы басталды да, 1976 жылы №3 ұңғыдан алғашқы мұнай фонтаны алынды. Кенорнының бұлай тез игеріліп, ел игілігіне жаратылуын жергілікті халық осы өңірде сүйегі жатқан Қаламқас әулиенің қасиеттілігімен түсіндіреді. Тіпті Бозашының тұңғыш фонтаны басышылдардың ұлық-сатынсыз, жобасыз қазылып, алынып, абырдай болғанда кейін үлкен жетістікке бағаланған.

Бар өмірін елін, жерін басқыншылардан сақтап қалуға арнаған ұл-қыздарымызға деген халық құрметі әркезде де шексіз. Тарихымыз Отан үшін ерлермен бірдей от кешкен арулардың ерен есімдерін ұмыттырмай ұлықтап келеді. Олар Томирис (Тұмар немесе Таңырыс) ханымнан бастау алып, бүгінгі заманға Ақсуқыр (Ақсулу), Бопай ханым, Ақбөбек, Ұмай ана, Домалақ ана, Айжан қыз, Балдай қыз, Әлия, Мәншүк, Хиуаз, т.б. болып бізге жетіп отыр. Бұларды жыке тізгендей тізбелегендегі мақсатымыз Қазақстандағы ірі мұнай кенорнының бірінің атын иеленіп отырған Қаламқас аруға өз кезегі орталығы - Ақтау қаласының көрікті жерінен қорамсағы жебеге толы садақ асынған ат үстіндегі айбарлы ескерткіші тұрғызылса, бұл белгілісі бар, белгісізі бар бүкіл қазақ аруы, текті қыздарымызға деген шынайы ел сүйіспеншілігінің жарқын үлгісі болар еді.

«Ел құлағы - елу» демекші, жақында дәл осы мәселеге қатысты жағымды әңгіме құлағымызға тиіп іштей бір қатты қуанып

Халық тарих толқынында



қалдық Жоғарыда аттары аталған мұнай саласының басышларымен біз сөз етіп отырған Қаламқас кеніші басында жүрді-ақ басында кездескен облыс әкімі Алик Айдарбаев облыс орталығынан Қаламқас батыра ескерткіш тұрғызу турасындағы мәселеге қолдау білдірді, оған мұнайшылар да демеушілік жасауға ықыласты екен деген тамаша хабар келіп жетті. Несі бар, құйылағы өңірді жаттын ұсынына бермеу сияқты елдік мәселеде ерлерден бір де кем емес ерлік көрсетіп, туған жердің арын арлап, намысын қорғаған Қаламқастың өршіл бейнесі Ару Ақтаудың қак төрінде тұрса несі айып?! Қайта оны көрген жас өскін ұрпақ-қызғалдақтарымыз да елін сую, оташылдықтың, хас батырлықтың өнегесін бойларына терең сіңіріп, тәуелсіз Қазақстанның көк байрағын көкке желбіретуге берді дегенге әбден сенгіміз келеді. Өйткені, рух бар жерде, ел де, жер де мәңгілік!

Айтұар Өтегенов,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Жатталса Жыр мен болып ән (Қаламқас анаға арнап)

Ақтарып сөзді ағынан,
Айтатын болсақ арыдан
Адай деген ел едік
Құт қонп, қандыр дарыған.
Қашиама байлар өтпеген,
Зекет берген мазынан.
Жебеген жемті-жемсірін
Жайлы орын беріп жасынған.
Қашиама батыр өтпеді,
Сайдаға жасын арынан.
Арам тиелі арсыздың,
Жақсы еді жөсы барынан.
Сән айналп Сауранды
Жоңардың Алашауынан.
Жайлаған жерін жастырып,
Жасқанбаған жауынан.
Қажы Тарханнан айналып,
Самардан бұлай Сарыдан.
Тайсойған, Нарын, Бүйректі,
Еділ мен Жайық жағынан.
Жем, Сағыз, Жетпау, Доңызтау
Қараның түзлей - Самынан.
Маңғыстауды мекендеп
Тағының тартқан жасынан.
Айдаған күні несібе
Айрылар құлан қағынан.
Талабына тап келсе
Хандар да таыр тағынан
Қайырсыз болса қара жер
Не пайда кең мен тарынан.
Қара қара қаптаса
Бұлбұл да бөзер бағынан.
Қашиама жандар қан жұтты,
Зауалдың келген зарынан.
Қонысқан адам қиған ба,
Ауғанстан, Иранда,
Белгі жоқ тағылым-тамынан.
Шалдарым талай шатылып,
Аразмаңбет атылып,
Заманның зәрті «заңнан».
Оралды жұрты отанға
Шаадам, Шаржау, Марыдан.
Алыс емес арасы,
Бәрі де қазақ баласы,
Аңсаумен жұртқан арыған.
Айтпағанда талайды,
Талай түзлей Адайды,
Шықпады кімдер Жарыдан?!
Ұлықтар шыққан ішінен,
Ұлығыз жарыған.
От дүмдөзі орақ тіл,
Тысен жерін қарыған.
Сегіз арыс Жарының,

Адайдың бақыт бағынан,
Табылдай маңынан.
Үзгі болып еткен іс,
Сегіздің бірі Бектеміс.
Болар деп қоныс соңғылық,
Отарған екен орымың,
Бозашы түбек жағынан.
Жазира дала жазықтық,
Адастар құс пен арынан.
Қалаң екен бұл түбек,
Қаламқастың жұрты деп,
Несібек Нұрбай шалынан.
Есі тузу ел болса,
Болібіс бауыр тобынан.
Қара тамыр қазағым,
Көрседі заман азабын,
Тідіріп таспа жонынан.
Ботені жөк бәрі де,
Төзе алмай патша «кәріне»,
Алмастыз айла жөнынан.
Нелер жақсы өткен жөк,
Жаулы менен Шоғыдан,
Әлі менен Бәйімбет,
Жасқанбай жаудың оғығынан.
Қай түбекте болса да,
Душпан көп еді торыған.
Ерлері елдің жорықпа,
Қызығшайы көлің қорыған.
Арулар болған қашиама,
Ауғанан адал жөнынан.
Хақы уыт қан беріп,
Жұрты уыт жөк беріп,
Түспесен қару қолынан.
Ақ киікті айырып,
Көрліне қаиқан тобынан.
Тандан тауып қайырып,
Сипағандай қонынан.
Аң қайырса атпенен,
Алы түзған оңынан.
Жол қайырса - жөстпенен,
Жұлдызы туган солынан.
Жат болар ма Жеменей,
Жақсыға ишет жөрыған.
Әруағы жөлет жебегей,
Ақиқат аңыз мөзінен.
Қаражан батыр барулы,
Қаламқастың соңынан.
Парасат-ақыл табулы,
Арадықтың жөнынан.
Шын мұсылман шыға алмас
Иманың жөбек торынан
Аттай алмас адал жөк
Анттың адал зорынан.

Жазады дейді маңдайға,
Бағы мен бастың сорынан.
Ажалы болған арудың,
Араның аңғар арнынан.
Сол сияқты апаның,
Ардақ тұтып атағын,
Түсірмей Байбөзінен
Емірнен еске алынып,
Ескерткіші салынып,
Жатталса жыр мен болып ән!
Жай еткен Жаббар Құлайды,
Әруақа жөбыр ұнайды.
Алаңың досы болғасын,
Әулінің кім сынайды?!
Жебеген жөлет жөстемін,
Үй жөз алтыс екінің
Қадірін беліс былайып,
Бауыры босап елің,
Көзіңді жөсы тоғіліп
Ет жүрзеі езіліп,
Жарыңдығы сөзіліп,
Жөстемін жөндар жөзілайды.
Ел уыт еткен елуейі іс,
Жөзатпай қалай шыдайды?!
Жөті жұрты келіп теккен жөр,
Тарихы терең неткен жөр,
Талайлар терің төккен жөр,
Маңғыстау ма едің шұрайлы?!
Атағозы, Ер Лабақ,
Есекмерген, Ер Шотан,
Қырдаң незе құлайды?!
Сөзіз әрқаш Адайды,
Адай түзлей талайды
Қауламатың құрайды.
Теңізден елді торыған,
Жөудан елің қорыған,
Ерлер де сонда сөнайды.
Салтанатпен сән құрып,
Ай даладан аң қуып,
Қызы да белің қынайды.
Сол қыздың бірі Қаламқас,
Жарқылдаған ақ-алмас.
Ит жүгіртіп, құс салған,
Соңына ертіп құмайды.
Ағын қатып арғымақ,
Ақ киік қаиқа азынан,
Айырың аңыз бір айы,
Жүгірікке үміт артады,
Табиятың тартпаңы,
Шапқан сабын тыңайды,
Алызып келе жөстқанда
Жөлт бұрылып қаптала,

Түскендей болып қақпаңға
Арана апа құлайды.
Аң қайыраған аруды,
Таба алмай ауыл қалуы.
Қулаған жөрі осы деп,
Бу да Аламың досы деп,
Булығы, жөсын бұлайды
Сөз жөрге мазар салдырып,
Қайырын хақтан сұрайды.
Хақ бұйрығы бұл күнде,
Шөғарды шыға шырайды.
Сол Қаламқастың қандасы,
Садақтың оғы таңбасы,
Не сөзге да шыдайды,
Сүйегі мәңгі қалған жөр,
Апаның атын алған жөр,
Атқыған бұрқақ мұнайды.
Маңғыстау майлы қияным,
Өзеге қалай қияным,
Өзіңе гана арнады.
Айтұлар жөр мен күй әнім,
Көкіректегі көп иет,
Білмедім қайда сұярым,
Дария болсам тоспаң,
Білмеймін қайда құярым.
Тлеуін тілеп отаның,
Бөздеген жөтім бөтаным,
Жүрегім - шақпақ, дөнем - тас,
Ұшыңнан алау от адым,
Сау жөрі сірә қалған жөк,
Жайлауым менен жөстамның.
Ұтыма ұх болғандай,
Қойшауын жөрдің қопардым.
Бөйбөшесіндеі байлардың,
Сабамды сарқа қотардым.
Мырзасы болмай, айпадым,
Қол баласына тоқалдым.
Абьздардың айбары -
Қадір кетті сақалдың,
Қара сөзімнің қаймағы -
Маңғызы кетті мақалдың,
Далада жүрсем шаң жұттым,
Қалада жүрсем қан жұттым,
Қақырығьма қақалдым,
Тегімді айтып, тебіренесем,
Арандауыма атапандым.
Я, Бекет! - деп сөйбінсам,
Айыбы қандай атамның,
Ұраның тұтқан ұзы бар,
Құраның тұтқан қызы бар.

Қуналары емес қатардың.
Байлығымызды базарлап,
Айыбымызды ажарлап,
Шырайы десек шықардың.
Арманың бар ма, сән қылып,
Ескерткіш салса мәңгілік,
Мінегізі атын апаңның.
Жатқан жөріне тау етпек,
Ырзығы болған жөһанның.
Отаның көрсен қуаның,
Бөз ботасына жөбатың.
Ақ киік, қарақұйрықты,
Жөтамның көрек күні алыс.
Қаламқас апа қасында,
Несібек непен Нұр арыс.

Жатқан жөр апа сүйегі -
Саулы неғендей шөді.
Қарға тамыр қазақтың,
Қайыры қашан шөді.
Бағытқан құран апаға,
Қол жөзім дөуге-банаға,
Әулие гөй деп қиелі.
Ерлерім елді бөстаған,
Тыңдырса істі жөзілей.
Арғымақ мінген ару қыз,
Айыбын шыке түзейді.
Қазақтың досы сүйініп,
Душпаның күші күзейді.
Тағылым алып тарыстан,
Тебіренбес не еді түзлей?!
Ырыс болар ынтымақ,
Қосылса елдің түзлей...

ҚР Мәдениет қайраткері
Амайбөк Қолмекенді
Ақтау к., 2013 жыл.





Мұнайшы Маруся

«Жетібаймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының қызметкері Маруся Тәжібаева ес білгелі – сонау 1980 жылдан бері мұнай саласында жұмыс жасап келе жатыр.



Жаңа-жылдық кеш, МЖГӨЦ-1, 1987 жыл.

33 жыл бойына Маруся бір жерде – Жетібай кенорнында тапқыластан жұмыс жасап келе жатыр. 33 жылғы кенорнынң әр түрлі даму кезеңдері көз алдында өтіп келеді. Оның истығына күйіп, суығына тоңып жүргенде, саналы гумырынның көбісі өтіп те кеткенін байқаймай қалды...

Маруся 1961 жылдың 10 наурызында ол кезде Гурьев облысына қарайтын Маңғыстау ауданының Құдалы ауыл советінде Қызыл Өзен совхозының түпшісі Жұмағазы Тәжібаевтың отбасында дүниеге келген екен. Машының тұрақты орны жоқ, қысы-жазы малдың жағдайымен көшіп-қонып жүргені. Жұмағазы ақсақал балаларын Жетібайдағы интернатқа оқуға береді. Алданы берген 5 баласын адал еңбегімен бағып-қағып, ержеткізіп, аяқтарына тұрғызған Жұмағазы ақсақал дүниеден 1995 жылы озды. Марусяның шешесі Калекен апа, Аллаға шүкір, ортамызда бар, Ералы станциясында кіші баласы

Беріктің қолында тұрады.

1978 жылы мектеп бітірген Маруся Жаңа Өзен қаласындағы 162-ші кәсіптік-техникалық училищенің оператор мамандығына оқуға түседі. 1980 жылы оны бітіріп, ол кезде «Жетібайнефть» деп аталған мұнай-газ өндіру басқармасының компрессор станциясына оператор болып жұмысқа тұрады. Өмір жолын кәсіпорынның нағыз қайнаған ортасы – кенорнын бастаған 19 жасар жас қызға алғашқыда оңай соқпайды. Өке-пеше Қызыл-Өзенде, күнде жұмыс – ми қайнап истықта да, қалтыратар сұмықта да көретінін кенорын. Марусяға өмірдің қырсырын үйреткен де осы кенорын: түрлі тағдырлар тоғысқан жерде адамдармен тіл табысып, адами кейіпінді сақтап қалу оңай шаруа емес. Басында Маруся бір тумаласының үйінде жатып, жұмыс жасайды. Жұмыс кәсіпорын жатақханадан орын береді.

– 1987 жылғы жас маман ретінде Өзеннен үй беріп еді, оны

алмай, кезегімді Мұнайшының кезегіне ауыстырдым, көп ұзамай Мұнайшыдан 1 бөлме үй алдым. Жұмыс істеп жүріп, 1993 жылы Жаңа Өзендегі мұнай техникумын сырттай бітіріп алдым. – деп өмір жолынан сыр шертті Маруся.

Жұмыс-жұмыс деп жүріп қыздарымыздың жеке өміріне де аса мән бермей кететіні өкінішті-ақ. Ауысымнан келеді, ұйықтап демалады, сосын қайта жұмыс – сөйтіп өмір өте береді зуылдап. Енді бір қарағанда өмірінің көбі өтіп, азы қалады екен... Колдан келер амал жоқ, уақытты тоқтату мүмкін емес, бұл – өмірдің заңы. Үлгерсең – үлгерсең, үлгермесең – қалғанын... Маруся техникумды бітірген 1993 жылы тұрмыс құрып, отбасылы болады. Араға уақыт салып, дүниеге тұрғышы келеді. Сол қыздары қазір бойжеткен болып, «Болашақ» колледжінде оқиды. Болашақ мамандығы – бастауыш сынып мұғалімі.

– 33 жылдан бері осы Жетібайда келе жатырмын. Өртүрлі жұмыстарда болдым – ҰЖК-те диспетчер, ҚКҰЦ-да машинист та болдым, кір жуатын жерде де істедім. Газокомпрессорныйдан басталған еңбек жолым осы уақытқа дейін жалғасып келеді. Сол алғаш бірге жұмыс жасап бастаған өзімнің құрбыларымен, оның ішінде кластастарым да бар, әлі күнге шейін араласып-құраласып тұрамыз, – деп әңгімесін жалғастырды Маруся. – Аттарын айтатын болсам, олар – Қамажай Жұмабаева мен Жұпар Маңғыбаева (қазір зейнеткер), Айна Мұқанова мен Сәніжан Орманова қазір су айыру операторлары, Мария Бисембергенова – ҚКҰЦ машинисі, Қымбат Байсеінова – МГӨЦ-1-де геолог, Жанбалға Өтеісова – ӨТБ инженері, Гүлім Бермағанбетова – «ОСК» ЖШС-да қоймашы, Балкеші Өтебаева – ол да қоймашы «Технотрейдинг» компаниясында, Балияң Кесікнова мен Қанияш Төленбетова – МДАЦ-да оператор, Жұмахан Ергалиева және Құлия Мұқанова деген құрбыларымын уақыты болып, өмірден озды. Бибіжамал Елсеєва – ОИТК-да оператор, Айсұл Кенжебаева –



Мұнайшы кенті, №6 жатақхана, 1986 жыл.

МГӨЦ-1-де оператор, Күміс Еркебаева – ГЗӨЖЦ-де, Рабига Шаханова – МГӨЦ-да технолог, Әсем Кенжебекова, Нұржамал Марсєва мен Слухия Орынбаева – ОИТК-да, Базаргүл Сатқанова – МГӨЦ-1-де, Гүлнар Тайырова – ҚКҰЦ-да машинист. Қарап отырсаңыз, бәріміз де еңбек жолымызды мұнайдан бастап, әлі де сонда келе жатырмыз.

Өткен өмір жолын еске түсірген Марусяның жадында 1984-1987 жылдар қатты сақталып қалған екен.

– Осы жылдары өндіріске политехникалық институттың студенттері оқу тәжірибесіне жөне жоғары оқудан кейінгі 2 жыл міндетті жұмысқа (отработкаға) көнптеп келе бастады. Алматы политехникалық институтынан Қыянова Шолпан, Төлендиева Әлима, Измуханов Қалыбай, Қойлыбаева Бақытжамал, Кенетаєва Зауре, Төлеқожаєв Жетібай, Айдарбаєв Алик, Нұрсейітов Абат, Жұмаєв Естай, Табынаєв Есен, Былқылдақов Есен, Нұрғазиева Айгүл, Айкєнова Даригалар келгені білемін. Өндірістік жолын Жетібай кенорнынан бастаған бұлардың барлығы дерлік мұнай саласының білдей мамандарына айналды, – деп әңгімесін сабақтады Маруся Тәжібаева. – Сосын Гурьев (қазір Атырау) политехникумынан да көптеген студенттер келіп, осында қалып қойды. Олар да есімде: Сүйінқараєва Шара,

Намағалиєва Жамал, Жарасова Слұшаш, Еєдаулетова Талшып, Аманязова Мұслима, Кенжебекова Айман, Дүйсенбаєва Санат. Осы айталғандардың бәрі де адал еңбектерінің арқасында мекеме басшылығының марапаттарына, халықтың разылығына ие болды, аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық өркендеуіне үлес қосып келеді.

Жетібайға әбден бауыр басқан Маруся 2010-да қызы Ақтауға оқуға түскесін жерде осында біржолата көшіп келді, бірақ жұмысын тастаған жоқ. 3 жылдан бері тұрмыстық-эксплуатациялық цехта оператор.

Маруся қолы босай қалса колонермен айналысқанды жаны сүйетінін айтты.


– Сонау совет заманында киім қат кез, қыздар қолдарына тоқуыш алып, керек киімдерін тоқып алатын еді. Тоқыманы да тоқыдық, қазір құрақ құраймын. Өз көрпемді өзім тігіп аламын, – дейді Маруся.

Аллаға шүкір, жұмыста Маруся абыройсыз емес. 33 жыл бір мекемеде тапқыластан еңбек еткен Маруся Тәжібаєваны кәсіпорын басшылығы 2011 жылы Жетібай кенорнын 50 жылдығына арналған төсбелгімен, «ММГ»-ның 50 жылдығына арнап мақтау қағазымен марапаттады.

«Еңбегіңіздің жемісін көре беріңіз, Маруся!», – дегіміз келеді.

Жапония: Газ өңдеу саласында тәжірибемен алмасу

Жапонияның Токио қаласында 2013 жылдың 27 қазанынан бастап 17 қараша аралығында газ өңдеу саласында тәжірибе және білім алмасуға арналған «Сұйытылған табиғи газ шығару үшін газды қайта өңдеу» бағдарламалық оқуы болып өтті. Оған әр елден жиырма беске жуық делегат қатысты. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ның іріктеуінен сүрінбей өтіп, бір айға жуық курсқа жолдама алған маған, өзге елдердегі әріптестермен тәжірибе алмасу бақыты бұйырды. Бағдарлама барысында қатысушыларға газ өңдеу саласындағы Жапонияда жүргізілетін саясат, оның тиімділігін арттыру шаралары туралы баяндалды.



Оқуы бағдарламасы аясында біз Жапонияның әр түпкіріндегі түрлі зауыттардың жұмысымен таныстық. Атап айтар болсақ: Осака қаласындағы «Митсубиши» Компаниясының газ турбиналарын өндіру бойынша ауыр өнеркәсіптік зауыты, «НИ» Корпорациясының СТГ-ға арналған сыйымдылық өндіру бойынша ауыр өнеркәсіптік зауыты, Химеджи қаласындағы «Осака газ» Компаниясының СТГ терминалы, сонымен қатар «Кобе стил» Компаниясының СТГ буландырғыштарын өндіруге арналған ауыр өнеркәсіптік зауыты, Якогама қаласындағы «Митсуи» Компаниясының СТГ танкерлері мен мұнай өндіретін ауыр өнеркәсіптік зауыттарын көріп, таныстық. Барлық зауыттарда өндірудің жоғарғы деңгейлі мәдениеті қалыптасқан. Мұнда алдыңғы қатарлы технологиялар арқасында қуатты тиімді пайдаланады (3% өздерінде шығарылады, 97% импорт), баламалы

қуат көздері кең қолданылып, өндірістегі қауіпсіздік техникасына аса көңіл бөлінеді. Қазақстаннан осы оқуы бағдарламасына қатысқан мен, саланың ауқымды спектрінде білім алып, технологияны игергенімді мақтанышымен айта аламын және алған тәжірибемді Компаниямыздың дамуы жолына жұмсайтын боламын.

Султанов Өржан Муратұлы, Автоматтандыру, ақпараттық технологиялар және байланыс департаменті. Ақпараттық дерекқор бөлімінің бастығы.



ЕСТЬ ПЕРВЫЙ СУПЕРКУБОК!

Как известно, две наши футбольные команды – «ММГ» и «ММГ-2», участвующие в чемпионате г.Актау по футболу, на мажорных нотах завершили сезон прошлого 2013 года. Если наша первая команда «ММГ» стала чемпионом городского первенства среди команд 1 лиги, то вторая завоевала Кубок Акима г.Актау. Выход нашей первой команды в высшую лигу стал возможен после 15 летнего перерыва.

Новый сезон 2014 года для футбольных команд мангистауского региона стартовал 7 января турниром за «Суперкубок Четырех». Данный турнир был организован впервые в истории мангистауского футбола, где в финале встречались между собой победитель и обладатель кубка в каждой из лиг – высшей, первой, второй и третьей. В данном турнире участвовали и обе наши команды.



Команда «ММГ-2» - обладатель Кубка Акима г.Актау-2013

Первыми на поле спорткомплекса «Каспий» вышли победитель 3 лиги прошлого сезона команда «Кен-Сары» и обладатель Кубка этой же лиги наша вторая команда «ММГ-2». Матч получился очень жарким и напряженным, в основное время команды не выявили победителя и судьбу Суперкубка решала серия послематчевых пенальти, где удачливее оказалась наша соперники. Основное время завершилось со счетом 3:3, по пенальти мы уступили 1:2. Хет-трик в нашей команде оформил Ташов А. (м/р «Жетыбай»).

Интересно отметить, что обе команды между собой уже разыгрывали прошлогодний финал городского Кубка, где матч также завершился со счетом 3:3, но в серии пенальти сильнее оказалась наша дружина – 6:5, завоевав тем самым впервые в своей истории Кубок Акима г.Актау.

Зрители с нетерпением ожидали выхода на паркет и нашей первой команды, которая, в качестве чемпиона 1 лиги, разыгрывала Суперкубок с прошлогодним обладателем Кубка города – командой «Мунайшы» (Жанаозен). Матч развивался по нашему сценарию, и к середине второго тайма мы уверенно вели в счете 5:3, но последующее удаление нашего игрока с поля, дал шанс жанаозенской команде сравнять счет в концовке матча 5:5. И в этом матче исход решала футбольная лотерея. В серии пенальти более точными оказались наши футболисты, выиграв матч с общим итогом 7:6.

В других лигах обладателями Суперкубка стали команды СПК «Каспий» (2 лига) и «ККМ-Бузачи» (высшая лига).

Эстафету успешного старта первой команды, несмотря на неудачу в Суперкубке, подхватила и вторая команда «ММГ-2». В борьбе за Кубок-2014 года наши ребята в предварительных раундах выжили из турнира коллективы «Акшукур» и «Жалын», поочередно обыграв каждого со счетом 6:3 и 3:2. В ½ финала нашу дружину ожидал коллектив «БанкЦентрКредит», и тут наши ребята оказались сильнее 10:6. Теперь наших футболистов в финале ждет встреча с командой «Бозашы».

Мы, болельщики, с оптимизмом смотрим на стартующий сезон и ожидаем успешного выступления обеих наших дружин в чемпионате г.Актау.

Обе команды с прошлого года функционируют под непосредственным руководством заместителя начальника Службы безопасности АО «Мангистау-мунайгаз» Сейтбаттал Еркебулана. В этой

связи, мы попросили его комментарии о буднях и ожиданиях команд.

Сейтбаттал Е.: «Прежде всего, хочу поздравить всех истинных болельщиков футбола со стартом нового сезона. И вдвойне радостно, что этот сезон начался для нас с

узнаваемой. У команды появился свой игровой почерк.

Команда провела достаточную предсезонную тренировочную подготовку. Текущее состояние команды дает основание утверждать, что у нас бесспорный коллектив, который сможет и должен побороться за высокие места. Скажу больше – на новый сезон мы ставим задачу войти в тройку лучших команд высшей лиги, а там, если удача будет на нашей стороне, можно и побороться за чемпионский титул.

В этой связи, по возможности постарались усилить состав. Для этих целей пригласили игроков со стороны, один из которых член сборной Туркменистана по футболу Кныров Марат, он наш первый «легионер» (улыбается).

Если говорить, про вторую команду, то в прошлом сезоне нам чуть-чуть не хватило везения, а где-то и опыта. Однако, ребята показали свои бойцовские качества и завоевали Кубок 3 лиги. В этом году, мы усилили команду из числа собственного резерва и ей вполне по силам также побороться за чемпионский титул и завоевание путевки во 2 лигу. В этой связи напомним, что команда в начавшемся сезоне уже пробилась в финал городского кубка в своей лиге.

И еще хочу отметить, что успех команды невозможен без яростной поддержки болельщиков, которой в прошлом сезоне нам немного не хватало. В этом году, надеюсь, ситуация исправится, и наши истинные болельщики в лице наших коллег и друзей составят настоящую армию «фанатов». Также, составившей успеха является должная поддержка администрации компании, благодаря которой команды могут



только развиваться и дарить радость болельщикам, укреплять общественно-спортивный имидж Общества.

Здесь же, не могу не отметить труд наших спортиструкторов Темирхасова Самата, Элубаева Нурлана, Талгенова Султана, которые болуют душой за команды и делают все возможное для полноценного их функционирования.

Пользуясь случаем, хочу поздравить всех своих коллег с наступившим Новым 2014 годом и пожелать всем здоровья, удачи и благополучия в семьях. Пусть этот год станет годом побед!

Давайте, и мы в свою очередь также поздравим наших ребят с наступившим годом, с наступившим сезоном, и пожелаем им всем здоровья, стойкости и завоевания спортивных трофеев.

Редакция газеты будет стараться освещать участие наших обеих команд в чемпионате города, предлагать читателям репортажи и фототетжи жарких сражений с футбольных полей.

Чемпионы вперед!!!



Команда «Мангистау-мунайгаз» - обладатель Суперкубка - 2014

победы в Суперкубке. Огромное спасибо за это нашим ребятам из первой команды – Косбасеву Исламу (ПУ КМГ), Текевеву Рахымжану (СБ), Альбаеву Ерлану (СБ), Сындыккову Рафилло (МТК), Новикову Андрею (СБ), Мусаханову Даурену (ПУ КМГ), Ораз Ельдосу (СБ). Ребята действительно показали чемпионскую игру и полностью выложились на поле.

Предстоящий сезон сулит большие ожидания. В прошлом сезоне команда задала высокую планку, придерживаться которой мы должны и дальше. После прошлогодних успехов, футбольное сообщество области заговорило о нашей команде, она стала



Р.С.
Когда верстается номер, к нам в редакцию поступила радостная новость.

Наша вторая команда стала обладателем Кубка г.Актау 2014 года, одолев в финале турнира команду «Бозашы» со счетом 4:2. Подробнее об этом финале читайте в нашем следующем номере. Поздравляем наших ребят!!!



31 жасқа дейінгі жастардың жетістіктері

60 жас

Сахаев Кобылан Абуович, 03 ақпан, МҚДЖАЦ, технологиялық сораптар машинисті
Каликбаев Ерболат Акбердиевич, 27 ақпан, ТСДЦ, жұмысшы агентті қабатқа айдайтын сорап станциясының машинисті

55 жас

Урумбаева Улбала Анваровна, 02 ақпан, ТҮПЦ, қызметші
Фролова Любовь Васильевна, 03 ақпан, ЭМЖӘДД, жүк тиегіш көліктің жүргізушісі
Сардарбекова Асыл Усенқызы, 05 ақпан, ТҮПЦ, кастелянша
Нурбосинова Айсұлу Сүйесовна, 14 ақпан, ҒЖӨЖЦ, химиялық сараптау лаборанты
Мнижасова Айбала, 15 ақпан, ТҮПЦ, үтікші
Есет Айибібі Бүркітқызы, 21 ақпан, ТҮПЦ, қызметші
Картбаева Чарухан Қорғановна, 26 ақпан, ҚҚҮЦ, қабат қысымын ұстау операторы

50 жас

Сақтаганов Жолдыбай Мендыбаевич, 01 ақпан, ТҮПЦ, ағаш шебері
Тайырова Гүлнәр Тыныштығбайқызы, 01 ақпан, ҚҚҮЦ, жұмысшы агентті қабатқа айдайтын сорап станциясының машинисті
Сахтаганов Лесбай Бердимуратович, 03 ақпан, ҚД, автокөлік жүргізушісі
Нұртөреев Абдулла, 03 ақпан, ПҚЖПЦ, слесарь-жөндеуші
Тлепов Рахмет Наурузбаевич, 06 ақпан, ҚҚД, бас инженер-жобалаушы
Изенова Тлектес Айдархановна, 12 ақпан, МАЖӨЦ, тауар операторы
Надилов Кадис Узенович, 15 ақпан, ҒӨДТЦ, цех бастығы
Оразалы Қарлағ Әлілқызы, 18 ақпан, МАЖӨЦ, тауар операторы
Убиева Сирга Нурбауловна, 20 ақпан, ӨТБ, есеп жүргізушісі
Қабдрахманов Нурлан Мендибаевич, 20 ақпан, ҒӨДТЦ, технологиялық компрессорлар машинисті
Никитина Наталья Витальевна, 25 ақпан, ҒЖӨЖЦ, геолог
Изинова Ақшам, 25 ақпан, ЕСӨТӨС, су таратушы
Сағимбаева Жаныл Сүесиновна, 29 ақпан, ТҮПЦ, жатақхана меңгерушісі



Әзілдер

Студенттік емтихан тапсыру кезі. Профессор:

- Сіздің аты-жөніңіз?
- Бектұров (студент жымпып күледі).
- Немесе жетісіп, маз болып тұрсың?
- Бірінші сұрағыңызға дұрыс жауап берген сияқтымын.

Екі жігіттің әңгімесінен:

- Арақтың зиянды қасиеттері туралы кітап оқыдым, қотаны шығармын...
- Арақты ма?
- Жоқ, кітап оқуды.

Ауыл. Туи іші. Біреу есік қағады:

- Сізде отын керек пе ?
- Жоқ, Керек емес.
- Таңертең үйдің иесі алдына шықса, біреулер қысқа деп байандозан отынды ұрлап кетті.

Бір иштелдің қылмыскерден жергілікті тергеушілер жауап алып отыр:

- Аттыңды қайда тықтың?
- Аудармашы: - Аттыңды қайда тықтың?
- Қылмыскер: - Айтпаймын!
- Аудармашы: - Ол айтпайды!
- Тергеуші: - Егер аттыңды қай жерде екенін айтпасаң, біз сені өлтіреміз!
- Аудармашы: - Аттыңды қай жерде екенін айтпасаң, олар сені өлтіреді!
- Қылмыскер: - Аттыңды үйдің алдына, табалдырықтың астына көмгенмін.
- Аудармашы: - Атыңдар, оңбағандар, бәрібір айтпаймын!!!

Абайдың қара сөздері



ҮШІНШІ СӨЗ

Қазақтың біріншісі біріне қаскүнем болмағанын, бірінші тілеуін бірі тілеспейтұғынын, рас сөзі аз болатығынын, қызметке таласқы болатығынын, өздерінің жалқау болатығының себебі не? Ғамма ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ, ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз надан, арысз келеді; әрбір арысз жалқаудан сұрмақса, өз тойымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады.

Мұның бәрі төрт аяқты малды көбейткеннен басқа ойынның жоқтығынан, өзге егін, сауда, өнер, ғылым солар секілді нәрселерге салынса, бұлай болмас еді. Әрбір мал іздеген малым көп болса, озымдік де, балаларым да малды болса екен дейді. Ол мал көбейсе, малшыларға бақырмақ, өздері етке, қымызға тойып, сұлуды жайлап, жүрікті байлап отырмақ. Қыстауы тарлық қылса, арызы жеткендік, сыйы өткендік, байлық қызметінен біреудің қыстауын сатып алмақ,

ептеп алмақ, тартып алмақ. Ол қыстауынан айрылған және біреуге тілеспек, я болмаса орынсыздығынан ештен кетпек - әр қазақтың ойы осы.

Осылар біріне бірі достық ойлай ала ма? Кедей көп болса, ақысы кем болар еді, малдан айрылғандар көбейсе, қыстауы босар еді деп, мен ананы кедей болса екен деп, ол мені кедей болса екен деп, әуелде ішімізбен қас сағандық. Әрі-беріден соң сыртымызға шықты, жауластық, дауластық, партияластық. Осындай қастарға сөзім өтімді болсын және де ештеп мал жиюға құшым жетімді болсын деп, қызметке болыстық, билікке таластық.

Сонаң соң не момынның баласы бөтен жаққа шығып, еңбек қылып, мал іздемейді, егін, сауданы кереті жоқ болады. Өз басын өзі осындай таласпенен кісі көбейтпейді деп партия жигандардың бүгін біреуіне, ертең біреуіне кезекпен сағалды да жүреді. Ұрылар тыйылмайды. Ел тыныш болса, оның ұрлығын ешкім сүйемес еді. Ел екі жар болған соң, кім ант ішіп ақтап, арамдығын жақтап, сүйеймін десе, соған жақ болып сүйеніп, бұрынғыдан ұрлығын әлденеше есе асырады.

Елдегі жақсы адамдардың бәрін үстінен бекер, өтірік «шапты, талаш» деген әртүрлі уғоловның іс көрсетіп, арыз береді. Оған дознание - тергеу шығарады. Өтірік көрмегенін көрдім деуші куәлар да әлдеқашан дайындап қойылған, бағанағы жақсы адам сайлауға жарамсыз үшін. Ол адам басын құтқармақ үшін жамандарға жалынса, оның да адамдығын кеткені, егер жалынбаса, тергеуді, сотты адам болып, ешбір қызметке жарамай, басы қатерге түсіп өткені. Ол болыс болғандар түсі қулық,

арамдықымен болыстыққа жеткен соң, момынды қадірлемейді, өзіндегі арам, қуларды қадірлейді, өзіме дос болып, жәрдемі тиелі деп, егер қас болса, бір түрлі өзіме де залал жасауға қолынан келеді деп.

Осы күнде қазақ ішінде «ісі білмес, кісі білер» деген мақал шықты. Оның мәнісі: «ісінің түзулігінен жетпессің, кісінің амалшы, айалылығынан жетерсің» деген сөз. Үш жылға болыс сайланды. Әуелгі жылы «Сені біз сайламадық па?» деп елдің бұлданғандығымен күні өтеді. Екінші жылы кандидатпенен аңдысып күні өтеді. Үшінші жылы сайлауға жәкіндап қалып, тағы болыс болып қалуға болар ма екен деп күні өтеді. Енді несі қалды? Осы қазақ халқының осындай бұзықшылыққа тартып, жылдан жылға төмендеп бара жатқанын көрген соң, менің ойыма келеді: Халықтың болыстыққа сайламын деген кісісі пәлен қадорлі орныша образоване алған кісі болсын. Егер де орталарында ондай кісісі жоқ болса, яки бар болса да сайламаса, уезный начальники пенен военный губернатордың назначеніесіне болды десе, бұл халыққа бек пайдалы болар еді. Оның себебі: әуелі - қызметқұмар қазақ балаларына образование беруге ол да - пайдалы іс, екінші - назначеніем болған болыстыққа міндетті болмас еді, ұлықтарға міндетті болар еді.

Осы және назначеніе қылғанда тергеуді, сұрауы барлығына қарамаса, өтірік арыз берушілер азаяр еді, бәлкі жоғалар еді. Үз және әрбір болыс елде старшина басы бір би сайланғандық, бұл халыққа көп залал болғандығы көрініп, сынылып білінді. Бұл билік деген біздің қазақ

ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын», Өз Тауке ханның Күлтөбенің басындағы күнде кенес болғанда «Жеті жарғысын» білмес керек. Өм, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендіктеннен ескіріп, бұл жана заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды толық билік шығарып, толеу саларға жарарлық кісі болса керек еді, ондай кісі аз, яки тіпті жоқ.

Бұрынғы қазақ жайың жақсы білген адамдар айтты: «Би екеу болса, дау төртеу болады» деп. Оның мәнісі - тақ болмаса, жұп билер таласып, дау көбейте береді дегенмен айтылған сөз. Өйтпін би көбейткенше, әрбір болыс елден толымды-білімді үш-ақ кісі билікке жыл келімей сайланса, олар түссе, жаманшылығы әшкерә білінгендіктеннен түссе, әйтпесе түспесе.

Ол билерге дауғер адамдар қалмай, екеуі екі кісіні билікке таңдап алып, үстіне біреуді посредникке сайлап алып, біте берсе; егер оған да ынтымақтаса алмаса, бағанағы үш бидің біреуін алып, яки жеребемен сайлап алып жүгінесе, сонда дау ұзамай, бітім болар еді.

ТӨРТІНШІ СӨЗ

Әрбір байқаған адам билсе керек: күлкі өзі бір мастық екенін, әрбір мас кісіден ғафил көп өтетұғынын да, әрбір мастық сөйлеген кезінде бас ауыратұғынын. Бұлай болғанда, күлкіге салынған кісі не шаруадан, не ақылдан, не бір ұят келерлік істен құр, ғафил көп өткізіп отырса керек. Осындай ғафилдік көп өткізіп, өлмеген кісінің не дүниедә, не ахиретте басы бір ауырмай қалмаса керек.

Әрбір уайым-қайғы ойлағын кісі не дүние шаруасына, не ахирет шаруасына өзгелден жинақырақ болса

керек. Әрбір жинақылықтың түбі кәніш болса керек. Енді олай болғанда, үнемі уайым-қайғыменен жүре аламыз ба? Үнемі күлмей жүруге жан шұдай ма екен? Жоқ, мен үнемі уайым-қайғыменен бол демеймін. Уайым-қайғысыздығына уайым-қайғы қыл дағы, сол уайым-қайғысыздықтың құтыларлық орынды қарекет табу керек һәм қылу керек. Әрбір орынды қарекет өзі де уайым-қайғыны азайтады, орынды күлкіменен азайтады, орынды қарекетпен азайтады!

Шығар есің таба алмай, уайым-қайғының ішіне кіріп алып, қамалып қалмақ, ол өзі де - бір айтұғандық. Және әрбір жаман кісінің қалығына күлген, оған рахаттыңан күлме, ыза болғаныңан күл, ызалы күлкі - өзі де қайғы. Ондай күлкіге үнемі өзін де салынбассың, әрбір жақсы адамның жақсылық тапқанына рахаттыңып күлсең, оның жақсылықты жақсылығынан тапқандығын гирбат көріп күл. Әрбір гирбат алмақтың өзі де мастыққа жібермей, уақытпен тоқтағанды. Көп күлкінің бәрін де мақтағаны жоқ, оның ішінде бір күлкі бар-ау, құдай жаратқан орныменен іштен, көкіректен, жүректен келмейді, қолдан жасап, сыртыменен бет-аузын түзеп, бай-бай күлкінің өні сәнден, әлемшілік үшін күлетің бома күлкі.

Адам баласы жылап туады, кейін өледі. Екі ортала, бұ дүниенің рахатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, бірін-бірі мақтап, есіл өмірді ескеруіс, босқа, жарамсыз қылқын, қор етіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды.

Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ - өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратына сүйеніп, еңбегіңді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды.



Мұнайлы Өлке

Меншік иесі: «Маңғыстау мұнайгаз» АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева
Р.Ізбергелі
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 211-736, 212-194, 211-938.

Газет айнаы 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде еселке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265
Таралымы: 1500

«CASPIY PRINT» ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы, 22 ш.а. тел: 750750
Тапсырыс: 4920